

ЖТН АР26198915 «Қазақстан Республикасында киберқылмыстарды тергеу тетіктерін жаңғырту»

Жоба туралы ақпарат

Жоба қолданбалы сипаттағы пәнаралық ғылыми зерттеу болып табылады және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы жасалатын қылмыстарды тергеу барысында заңнаманы қолдану кезінде туындайтын проблемаларды анықтауға, сондай-ақ оларды шешудің неғұрлым тиімді тәсілдерін әзірлеуге бағытталған. Жоба Қазақстан Республикасының қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу, криминалистика және ақпараттық технологиялар салаларындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық базасын жаңғыртуды көздейді.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы киберқылмыс азаматтар, бизнес және елдің аса маңызды инфрақұрылымы үшін артып келе жатқан қауіп болып табылады. Интернет-алаяқтық, деректерді ұрлау, кибершабуылдар және басқа да қоғамдық қауіпті әрекеттер санының күрт өсуі олардың үдемелі сипатқа ие екенін көрсетеді, бұл ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіріп, елеулі экономикалық шығындарға әкеледі.

Жаһандық цифрландыру жағдайында құқықтық мәселелерді дәстүрлі және заманауи ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып қарастыратын кешенді пәнаралық зерттеу жүргізу көзделеді.

Аталған мәселе бойынша құқықтық дереккөздерді талдау нәтижесінде келесі негізгі проблемалар анықталды:

- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық қатынастар саласындағы ұлттық заңнаманың жеткіліксіз дамуы;
- ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жасалған қылмыстарды тергеудегі қиындықтар;
- интернеттегі ұрлықтарға байланысты қылмыстарды анықтау және тергеу үшін тиімді криминалистикалық әдістемелер мен ғылыми негізделген ұсынымдардың болмауы;
- тергеу органдарының ақпараттық технологиялар саласындағы мамандармен өзара іс-қимылының жеткіліксіз тиімділігі.

Жобаның мақсаты

Киберқылмыстың әлеуметтік-құқықтық аспектілерін зерттеу және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы жасалған қылмыстарды ашу мен тергеу барысында құқық қолдану тәжірибесінде туындайтын міндеттерді шешудің неғұрлым тиімді тәсілдерін әзірлеу.

Жобаның міндеттері:

1. Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жасалған қылмыстарды тергеуді реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасында қолданылатын терминологиялық аппаратты зерттеу;
2. Ақпараттық саладағы ұрлықтарға байланысты қылмыстардың жай-күйі, құрылымы және динамикасы туралы статистикалық деректерді жинау

және талдау, сондай-ақ сот-тергеу тәжірибесінің материалдарын зерттеу арқылы:

- осындай қылмыстық істерді тіркеу динамикасын анықтау;
- тергеу мерзімдерінің үзілуіне әсер ететін факторлар мен жағдайларды белгілеу;
- ақпараттық технологиялар саласындағы ұрлықтардың ашылу деңгейінің төмен болу себептері мен жағдайларын анықтау;

3. Қылмыстық, қылмыстық-процестік, ақпараттық және өзге де ұлттық және халықаралық заңнамаларды талдау арқылы құқықтық қайшылықтарды анықтау және ақпараттық технологиялар саласындағы ұрлықтарды тергеу бойынша шетелдік тәжірибені Қазақстанның құқық қолдану тәжірибесіне енгізу мүмкіндігін бағалау. Талдау нәтижелері бойынша ұлттық заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

4. Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жасалған ұрлықтарды тергеудің қолданыстағы әдістемелерін зерттеу және олардың құқық қолдану тәжірибесіндегі тиімділігін бағалау;

5. Цифрлық технологияларды пайдалану арқылы жасалатын ұрлықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және бұл қылмыстардың трансұлттық сипатын айқындау.

Күтілетін нәтижелер:

1. Интернеттегі ұрлықтардың жай-күйі мен динамикасы туралы аналитикалық есеп дайындау және олардың негізгі ерекшеліктерін анықтау.

2. Қылмыстық-процестік, қылмыстық және ақпараттық заңнаманы, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

3. Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жасалған қылмыстарды анықтау және тергеу тетіктерін жетілдіруге арналған әдістемелік және практикалық ұсынымдар кешенін әзірлеу, сондай-ақ оларды ашудың ең тиімді тәсілдерін айқындау.

4. Зерттеу нәтижелерін Web of Science, Scopus базаларына енгізілген беделді рецензияланатын ғылыми журналдарда және Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жариялау.

5. Құқық қорғау органдары қызметкерлері мен ақпараттық технологиялар саласындағы мамандардың қатысуымен дөңгелек үстелдер мен ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастыру, нәтижелерін әлеуметтік желілер мен медиа платформаларда жариялау.

Зерттеу нәтижелері ғылыми-техникалық әлеуетке, оның ішінде кадрлық ресурстарға елеулі әсер етеді және келесі бағыттарға ықпал етеді:

- ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жасалған қылмыстарды тергеу саласында Қазақстанның ғылыми білім қорын толықтыру;

- цифрлық саладағы қылмыстарды анықтау және тергеу бойынша қолданыстағы криминалистикалық әдістемелерді жетілдіру қажеттілігін негіздеу;

- инновациялық ғылыми негізделген тәсілдерді енгізу арқылы киберқылмыстарды тиімді тергей алатын мамандарды даярлауға арналған білім беру бағдарламалары мен курстарын әзірлеуге негіз қалыптастыру;

- ғылыми және кәсіби қауымдастықтар арасындағы өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты нығайту және кеңейту.

Алынған нәтижелер ғылыми ұйымдардың және олардың ұжымдарының бәсекеге қабілеттілігіне оң әсер етеді, сондай-ақ:

- қазақстандық ғылымның халықаралық деңгейдегі беделін арттыруға және оны серіктестер мен инвесторлар үшін тартымды етуге;

- зерттеуге қатысатын ғалымдар мен мамандардың кәсіби құзыреттерін арттыруға;

- басқа ғылыми мекемелермен, оның ішінде шетелдік ғалымдармен және сарапшылармен өзара іс-қимыл арқылы ғылыми байланыстарды кеңейтуге;

- зерттеу топтары мен жеке ғалымдардың ғылыми әлеуетін арттыруға және оларды осы бағыттағы әрі қарайғы зерттеулерге ынталандыруға ықпал етеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі міндеттерін шешуге бағытталған және мыналарды қамтиды:

- қолданыстағы заңнаманы толықтыру және жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- құқық қолдану тәжірибесін жақсарту;

- киберқылмыстарды тергеумен айналысатын мамандардың кәсіби деңгейін арттыру;

- интернеттегі ұрлық тәсілдері туралы азаматтардың хабардарлығын арттыру;

- халықаралық ынтымақтастықты дамыту және шетелдік ғылыми қауымдастықтармен байланыстарды нығайту.